

Әлеуметтік психология пәні, құрылымы және әдістері

Әлеуметтік психология – адамдардың әлеуметтік топтарының қосылуынан туындаған мінез-құлық және қарекет заңдылықтарын, сондай-ақ осы топтардың психологиялық сипаттамаларын зерттейтін психология ғылымының саласы. °уелде әлеуметтік психологиялық көзқарастар әр түрлі философиялық тұжырымдамалар ауқымында, сондай-ақ нақты ғылымдардың, ең алдымен, психология мен әлеуметтанудың, антропологияның, тіл білімінің, этнографияның, криминологияның, педагогиканың ішінде белгіленді.

Адамның барлық психикалық көріністері адамзат қоғамында қалыптасып, негізделеді.

қазіргі уақыттағы психологиялық ғылымдардың жалпы психология және әлеуметтік психология деп бөлінуі шартты болып келеді. Дегенмен де, әлеуметтік психологияның өзінің зерттеу объектісі бар.

Нақты әлеуметтік жағдайларда адамдарда мінез-құлықтың нақты нормалары мен тәсілдері пайда болады, сезім, көңіл-күй, әдет, дәстүрлер жиынтығы құрылады, қоғамдық және топтық түсінік пайда болады. °леуметтік немесе қоғамдық психология адамдардың әлеуметтік өзара әрекетінде пайда болған психикалық құбылыстардың заңдылықтарын зерттейді.

Басқа адамдардың қатысуы адамның мінез-құлқына, оның психикасына әсер етеді, оның ойлануға деген қабілеті, зейіні, ес нәтижелілігі жоғарылайды. Бірақ бұл адамдардың күрделі ойлау іс-әрекеттерінің және кейбір басқа да көрсеткіштерінің төмендеуіне алып келуі мүмкін.

Бұл әсер ету топтық өзара тәуелділік жағдайында ерекше көрінеді. Сонымен, топта адамның ассоциативті процестерінің бір түрі – әлеуметтің нормалы қызметі қалыптасады, оның тенденциясы бір түрде болады.

Әлеуметтік-психологиялық факторлар индивидтің барлық психикалық көріністеріне – оның қабылдауы мен ойлауына, есі мен қиялына, эмоциясы мен еркіне әсер етеді. Адамдардың барлық психикалық процестері нақты әлеуметтік-психологиялық стереотипизацияға негізделген. Адамдар дүниені әлеуметтік қалыптасқан көзқарастық қатынастар әсерімен бейнелейді және өз мінез-құлқын нақты бір әлеуметтік нормаларға бағындырады.

°леуметтік психология біріккен іс-әрекет жағдайындағы адамдардың психикалық ерекшеліктерін зерттейді.

°леуметтік психология “тұлға” түсінігінен абстракцияланбайды, ол тұлға қасиеттерінің әлеуметтік шартталуын зерттейді. Бірақ та әлеуметтік психологияның негізгі түсінігі “әлеуметтік топ” болып табылады.

°леуметтік психология мынадай қолданбалы салаларды өзіне біріктіреді:

нақты әлеуметтік қауымдастықтардың әлеуметтік психологиясы (ұлт, халық, партия, отбасы, оқушы жастар және т.б.);

өнер, құқық, дін және қоғамдық түсініктердің басқа да формаларының психологиясы;

басқару, бұқаралық коммуникация құралының психологиясы және т.б.

°леуметтік психологияның құрылымы, яғни оның категориялы жүйесі әлі күнге дейін белгілі емес. Дегенмен,

- әдебиеттерге талдау жасау негізінде әлеуметтік-психологиялық түсініктердің жиынтығын бөліп көрсетуге болады;
- әлеуметтік психология пәні және әдістері;
- тұлға және қоғам, тұлғаның әлеуметтенуі;
- әлеуметтік қауымдастық пен әлеуметтік топтардың жалпы түсініктері, әлеуметтік топтардың жіктелуі;
- әлеуметтік топтардың құрылымы және әлеуметтік-психологиялық ұйымдар;
- әлеуметтік топтағы қарым-қатынас және тұлғааралық қатынас (әлеуметтік байланыс), ұжым психологиясы әлеуметтік қауымдастықтың жоғары формасы ретінде;
- үлкен әлеуметтік топтар психологиясы; бұқаралық әлеуметтік құбылыстар – қоғамдық және топтық қажеттіліктер, сезім, ерік, қоғамдық және топтық сана, т.б.;
- коммуникация және коммуникациялық бұқаралық құрал психологиясы;
- әлеуметтік-психологиялық процестерді басқару.
- **°леуметтік психологияның салалары**
- °леуметтік психология ғылым ретінде түрлі әлеуметтік-психологиялық құбылыстар мен міндеттерді зерттейді және ортақ бірліктен пайда болатын оның генезисін және дамуын анықтайды.
- *Этностық психология* - әлеуметтік психологияның саласы, ол түрлі этностық бірлік өкілдерінің психологиялық сипаттарын зерттейді.
- *Дін психологиясы* - адамдардың діни іс-әрекетін және түрлі діндік бірліктерге мүшелікке кіргендердің психологиясын зерттейтін әлеуметтік психологияның саласы.
- *Саяси психология* - адамдардың саяси іс-әрекеттерін және қоғамдық-саяси өмірге қатысатын түрлі әлеуметтік психологиялық құбылыстар мен процестерді зерттейтін әлеуметтік психологияның саласы.
- *Басқару психологиясы* - адамдардың негізгі зейінді топтарға және бүкіл қоғамға әсерін, сапалы ерекшеліктерін сақтай отырып, белгілі әлеуметтік-қоғамдық тәртіпке бағынуын қалыптастыратын, дамыту және жетілдіру мақсаты мен мәселелеріне көңіл бөлетін әлеуметтік психологияның саласы.
- *°леуметтік әсер психологиясы* - әлеуметтік психологияның әлсіз дамыған саласы, адамдарға әсерлердің ерекшеліктерін, заңдылықтарын және олардың түрлі өмір сүру жағдайларындағы іс-әрекетінің құбылыстарын зерттеумен шұғылданады.
- *қарым-қатынас психологиясы* әлеуметтік топтардың адамдар арасындағы ақпарат алмасуы мен өзара әрекеттестігін айқындайды.
- *Отбасы психологиясы* қоғамда отбасы мүшелерінің арасындағы жан-жақты түрлі ерекшеліктерді зерттеуді мақсат ретінде қояды.
- *Дау-дамай (конфликт) психологиясы* – түрлі дау-дамайлардың психологиялық ерекшеліктерін қарастыратын және оларды тиімді жолмен шешуге бағытталған әлеуметтік психологияның мықты прогрессивті саласы.

- *Отбасы психологиясы* қоғамда отбасы мүшелерінің арасындағы жан-жақты түрлі ерекшеліктерді зерттеуді мақсат ретінде қояды.
- *Дау-дамай (конфликт) психологиясы* – түрлі дау-дамайлардың психологиялық ерекшеліктерін қарастыратын және оларды тиімді жолмен шешуге бағытталған әлеуметтік психологияның мықты прогрессивті саласы.
- **1.2. °леуметтік психологияның тарихи дамуына қысқаша шолу**
- °леуметтік психология адам мен қоғамның өзара әрекеті туралы білімдердің ұзақ уақыт жинақталуынан пайда болды. Алғашқы әлеуметтік-психологиялық идеялар философия, әлеуметтану, антропология, этнография және тіл білімі саласында қалыптасқан. Алғашында “халықтар психологиясы”, “бұқара инстинктері” және т.б. түсініктер пайда болды. Жеке әлеуметтік-психологиялық идеялар Платон мен Аристотельдің, француз материалист-философтарының, утопист-әлеуметтанушылардың еңбектерінде, содан кейін Фейербах пен Гегельдің еңбектерінде кездеседі.
- XIX ғ. екінші жартысында әлеуметтік психология ғылыми білімнің дербес саласы ретінде психология мен әлеуметтанудың түйіскен жерінде пайда болды, бірақ сипаттаушы ғылым ретінде ғана бөлінді. Оның пайда болуын 1859 ж. Германияда Штейнталь мен Лацарустың “Этностық психология мен тіл білім туралы” журналын шығаруымен байланыстырады.
- Еуропада эмпирикалық әлеуметтік психологияның көрнекті өкілдері француз заңгері және әлеуметтанушысы Габриэль Тард (1843-1904), француз әлеуметтанушысы Гюстав Лебон (1841-1931) және ағылшын-американ психологы Уильям Мак-Дугалл (Вильям Макдауголл) (1871-1938) болды. Бұл ғалымдар өткен ғасырдың соңы мен осы ғасырдың басындағы қоғамның әлеуметтік дамуын адамның жеке психикалық қасиеттерімен байланыстыра көрсетуге тырысты: Тард – еліктеушілікті, Лебон – психикалық жұқтыруды, Мак-Дугалл инстинкті қарастырды.
- *Г.Тардтың тұжырымдамасы* бойынша, қоғамдық даму тұлғааралық әсер факторларымен, әсіресе еліктеушілікпен, әдет-ғұрыптармен, модамен (сән үлгілерімен) анықталады. Тард бойынша, еліктеу негізінде *топтық* және *қоғамдық* нормалар мен құндылықтар пайда болады. Индивид оларды меңгере отырып, қоғамдық өмір жағдайларына бейімделеді. °сіресе, төменгі топтар жоғары топтарға қатты еліктейді. Дегенмен, идеалға жету мүмкін болмаған кезде - әлеуметтік “оппозиция”, әлеуметтік өзара әрекетте конфликт пайда болады. Г.Тард бірінші рет тобыр психологиясын жекеліктің басымдық факторы ретінде терең зерттеді. Г.Тард идеясының әсерінен *тұқымқуалаушылықтың екі түрін* ажыратуға болады, олар -табиғи және әлеуметтік.
- Француз әлеуметтанушысы және әлеуметтік психологы *Гюстав Лебон психикалық жұқтыру* түсінігін енгізе отырып, *әлеуметтік процестердің эмоциялы* теориясын өңдеді.

- Концепциялы әлеуметтік-психологиялық негіздер қатарын француздың әлеуметтік мектебінің негізін салушы *Эмиль Дюркгейм (1858-1917)* толықтырды. Ол “*ұжымдық түсініктер*” феноменін бөліп көрсетті (жекелік және ұжымдық түсініктер, 1898), оның пікірі бойынша, дүниені жеке индивид арқылы көруге болады.
- Дюркгейм бойынша, *индивидтің мінез-құлығы ұжымдық санамен анықталады*. Г.Тардтың “әлеуметтік атомизациясынан” айырмашылығы индивидті “қоғамның торы” деп есептейтін Э.Дюркгейм әлеуметтің бірігуі жалпы мақұлданған әлеуметтік құндылықтар негізіндегі идеяны қолдады. Адамдар мінез-құлқының әлеуметтік қасиеттері Э.Дюркгейм бойынша, *қоғамның құндылықтық-нормалық интеграциялануына*, оның әлеуметтік қатынастардың дамуына байланысты.
- қоғамның құндылықтық-нормалық дағдарыстарын Э.Дюркгейм аномия (француз тілінен аномі – заңның болмауы) деп көрсеткен, ол бұқаралық құқықтық десоциализацияны тудырады. Аномия жағдайында қоғам бірнеше мүшелері үшін әлеуметтік және құқықтық нормаларының мәнділігін жоғалтады. Мінез-құлқтың үлгілі эталондарынан айырылған индивидтің өзін-өзі реттеу деңгейі төмендейді, әлеуметтік бақылаудан шығады. Бұқаралық девианттылықты тудыратын аномия, Дюркгеймнің көзқарасы бойынша, қоғамдағы әлеуметтік-экономикалық өзгерістерді көрсетеді.
- Г.Тард, Г.Лебон және Э.Дюркгейм тұлғаның қалыптасуындағы алғашқы әлеуметтік факторды дәлелдеп, әлеуметтік психологияның дамуына үлкен әсер етті.
- Шетелде ХІХ-ХХ ғғ. ағылшын психологы У.Мак-Дугалл (1871-1938) әлеуметтік-психологиялық білімдерді жүйелеу әрекетін қолдады. 1908 ж. ол “әлеуметтік психологияға кіріспе” атты еңбегін шығарды. Бұл жыл Батыста әлеуметтік психологияның дербес ғылым ретінде қалыптасуының соңғы жылы деп есептелді.
- ХХ ғ. 20-жылдарында неміс зерттеушісі В.Меденің еңбектері негізінде әлеуметтік психологияның дамуының жаңа кезеңдері қалыптасты. В.Меде бір зерттелушіге зерттеу жүргізіп, содан кейін оны зерттеу топтарына қосып, адамдардың ауруға шыдау қабілеттерінің ерекшеліктерін, топта және жеке-дара физикалық, ақыл-ой әрекетін жасай алатынын анықтады.
- Осыдан В.Меде адамдардың әлеуметтік топтарға қатынастарынан әр түрлі типтерді анықтады (бейтарап, жағымды, жағымсыз). Ол сонымен бірге топтардың әсері эмоция, ерік және моторика саласында жоғары екенін көрсетті. Әлеуметтік-психологиялық факторлардың индивидтің барлық психикалық қасиеттеріне – қабылдау және ойлау, ес және қиял, эмоция және ерікке әсер ететіні анықталды. Кейінірек бағалау деформациясы – конформизм (көпшілік мақұлдаған бағалаумен индивид бағасының ұқсас болуы) анықталды.
- Медеден кейін америка психологы Гордон Олпорт (1897-1967) әлеуметтік психологияның экспериментті зерттеу әдістемесін дамытты. Оның зерттеуінің негізінде өнеркәсіпті ұйымдастыру, жарнама, саяси

- насихаттар, әскери іс және т.б. жетілдіруге арналған тәжірибелі тиімді нұсқаулар жасалды.
- °леуметтік психология қолданбалы ғылым ретінде қарқынды дамыды. АҚШ-та басқару мәселесіне, психологиялық сәйкестікке, кәсіпкер мен жұмысшы арасындағы қатынастардағы шиеленістің төмендеуіне және т.б. зерттеу жүргізілді.
- °леуметтік психология жалпы психология және әлеуметтануға қатысты топтық эксперимент, әңгімелесу, сауалнама және сұхбаттасу, құжаттарды анықтау, бақылау (кірісті бақылау, тестік жағдаяттарға бақылау) және т.б. әдістерді қолданады.
- °леуметтік психологияның өзіне тән әдістерінің бірі социометрия әдісі болып табылады. “Социометрия” термині топтағы адамдардың ресми емес өзара қатынастарын өлшеу дегенді білдіреді.
- Социометрия әдісі белгілі бір іс-әрекет түрінде басқа топ мүшелерімен қарым-қатынасқа түсуге деген ниеті туралы сұраққа жауап беруден, жауаптардың статистикалық өңделуінен тұрады. Сұрақнама нәтижесінің статистикалық өңдеулері мен графикалық бейнелері *социограмма* деп аталады.
- °леуметтік топтардың тұлға позициясына әсерін зерттеу үшін қосымша топтар әдісі қолданылады. Индивидтің әлеуметтік мәнді сапасын диагностикалау үшін экспертті бағалау әдісі және тұлғаны топтық бағалау әдісі қолданылады (ТТБ).
- Бұқаралық коммуникация материалдарын сапалық-сандық талдау контент-талдау әдісі арқылы жүреді (ағылшын тілінен баламасы – мазмұнды талдау). Бұқаралық коммуникация хабарының мазмұнын талдауда зерттеушілер бұл хабарлама авторының (коммуникатор) әлеуметтік-психологиялық ерекшеліктерін, олардың құндылықтық позицияларын, әлеуметтік-психологиялық мәнділігін, хабарлама мазмұнын қабылдау ұйымдары мен форма ерекшеліктерін, хабарлама адресаттарының (рецепиент) әлеуметтік-психологиялық ерекшеліктерін, хабарламаның коммуникативті тиімділігін көрсетеді.
- Контент-талдау әдісі қызығушы зерттеушілерге элементтер формализациясы үлкен жиілікпен кездескен жағдайда қолданылады.
- °леуметтік психологияның өзіне тән әдісіне кейбір жабдықтық-техникалық әдістер (гомеостатистикалық, жартылай автоматталған анкета және т.б.) жатады.
- °леуметтік-психологиялық зерттеуде белгілі бір әдісті таңдау қандай феномен, құбылысты зерттеуге болатынына және бұл феноменнің қандай теориялық позицияда ұғынылатынына байланысты болады.
- °леуметтік психологияның зерттеу әдістемесін американың әлеуметтік психологы және психиатры Якуб (Джекоб) Морено (1892-1974) жалғастырды. Морено социометрия әдісін шағын топтардағы адамдардың тұлғааралық өзара қатынастарын сандық өлшеуді өңдеді.
- Тұлғалық симпатия мен антипатияны көрсете отырып, Морено өзара қатынастарды социогарма түрінде төмендегідей бейнелеген (5.6.).

- Бұл социограмма бойынша мынаны көрсетуге болады:
- топтың орталық өзегі (ядрасы), яғни тұрақты жағымды өзара байланысы бар адам (А, В, Ю, И);
- басқа да топталулардың болуы (Б-П, С-Э);
- нақты бір қатынас арқылы біршама беделі бар адам (А);
- симпатиясы жоқ адам (Л);
- өзара жағымсыз қарым-қатынастар (П-С);
- тұрақты әлеуметтік байланыстың болмауы (К).

- топтағы байланыс объектісі;

- - А және В м³/₄шелеріні» ¼зара теріс байланысы;
- - А және В м³/₄шелеріні» ¼зара о» байланысы;
- - байланыс де»гейі (А м³/₄шесі - бірінші, С м³/₄шесі екінші та»дал¹ан).
- - А-м³/₄шесі толы»тыр¹ан о» та»дау;
- - бір т¹/₂л¹аны» мінез-»⁰/₂л⁰ұнда объект пен субъектіі» °осарлануы
- - В-м³/₄шесі толы»тыр¹ан теріс та»дау;
- - топта¹ы байланыс субъектісі;

- А
- С
- А
- В
- В
- А
- В
- В
- А
- В
- А

• 6. Социограмманың символикасы [4, 8]

- Морено шағын топтардың әлеуметтік психологиясын өңдеуде құнды із қалдыра отырып, “тұлғаның топтық беделі”, “ішкі топтық динамика” және т.б. түсініктерді ашып көрсетті, топшілік конфликтілерді шешуге, шағын топтардағы әлеуметтік-психологиялық хал-ахуал оптимизациясына нақты әдістемелер ұсынды, ұзақ уақыт бойы ол 1940 ж. құрылған социометрия және социодрама институты – Морено институтын басқарды.
- Моренодан кейін шетел әлеуметтік психологиясы кіші топтарды, әлеуметтік микроортаны қоғам “торының” негізгі элементі ретінде қарастырды. “қоғам - топ - тұлға” жүйесінде шағын топ негізгі зерттеу пәніне айналды. Тұлғаның әлеуметтік рөлдерін, топтық нормалар мен қысымдарды орындауға толық тәуелділігі дәлелденді.
- *Психоанализ* – шетелде ХХ ғ. басында туындаған психологияның белгілі бағыттарының бірі, оның негізін қалаушы - З.Фрейд. Ол басында әлеуметтік психологияға сенімсіздік білдірді, бірақ Г.Лебо еңбегінің әсерінен өз пікірін өзгертті. Психоанализ тұрғысынан қоғамдық өмір мен саяси іс-әрекет барысында тұлғаны нақтырақ тұтас ағза ретінде қабылдау керек деген тұжырымға келді, оның мінез-құлқы әлеуметтік себептермен шартталады, оларды білу арқасында тұлғаның әлеуметтік-психологиялық (психоаналитикалық) бейнесін құрастыруға болады. Аяғында ол алған нәтижелер көптеген саяси ғасырлардың әлеуметтік-психологиялық хал-ахуалын талдау үшін факторлардың мәнін және олардың рөлін саналы түрде меңгеруде пайдаланылады.
- *Бихевиоризм* - (ағылш. *Behaviour* - мінез-құлық) – батыс психологиясының адамның мінез-құлқына сыртқы ортаның әсер етуіне ағзаның жауабының жиынтығы деп түсіндіретін бағыты.
- ХХ ғ. 30-жылдары оның орнына необихевиористік теория (“жұмсартылған” бихевиоризм) келді, бірінші кезектегі американдық психологтар Э.Толмен және К.Халл есімдерімен байланысты, олар “S - R” формуласына әсер (стимул) – жауап (реакция) ауыспалы аралық элементтерді (әдет, дағды, қозу мен тежелу потенциалы – К.Халл; ниет, күту, білім – Э. Толмен) енгізген. Б.Скиннермен, содан соң Миллермен, Доллардпен және А.Бандурамен бұлардың бастамасы аталған тұжырымдаманы түсіндіру мен қалыптастыру барысында әлеуметтік бихевиоризмнің теориясын құру үшін жаңа “оперантты шарттар” тұжырымдамасын алып келді.
- *Гештальт-психология және когнитивизм* әлеуметтік мінез-құлықты адамдардың танымдық процесі мен байланыстарын бихевиоризмге қарама-қарсы түсіндіруге тырысты. Таным процесі барысында әлем туралы түсініктер бейнелер жүйесіне ауысады, соның негізінде түрлі идеялары, сенімдері мен ұстанымдары қалыптасады, соңында олардың әрекеттері мен қылықтары анықталады. Бұл бағыттардың өкілдері С.Аш, К.Левин,

- Т.Ньюком, Ф.Хайдер, Л.Фестингер және т.б. әлеуметтік психологияға салмақты үлес қосты.
- *Интеракционизм* – батыс әлеуметтік психологиясының жаңа бағыты, әлеуметтік-психологиялық құбылыстарды тұлғааралық қатынастарға алып келді, бұл феноменнің динамикасы түсіндірудің және шығудың қайнар көзі ретінде қарастырылады. Тұлғаны қалыптастыру адамдардың бір-бірімен қарым-қатынасы және өзара әрекеттестігі жағдайларымен түсіндіріледі. қоғамның күйі, өзара қатынас және тұлға адамдардың бір-біріне бейімделуінің нәтижесінде адамдардың арасында коммуникативтілік пайда болады деген идеологтардың (Э.Гофман, Р.Линтон, Т.Ньюком, М.Шериф) пікірлері бар.
- қазіргі шетелдік әлеуметтік психологияның негізгі бағыты – *интеракционизм*, ол бірінші орында әлеуметтік өзара әрекет мәселесі -интеракцияны ұсынды. Бұл бағыт атақты әлеуметтанушы және әлеуметтік психолог Джордж Герберт Мидтің (1863-1931) көзқарастарында негізделеді. Әлеуметтік-психологиялық бағыттың негізгі категориялары 30-жылдары Мид енгізген “әлеуметтік рөл”, “әлеуметтік мәртебе”, “топішілік өзара әрекет” (интеракция) және т.б. түсініктер болып табылады.
- Осы бағыттың өкілдері (М.Кун, А.Роуз, Т.Шибутани және т.б.) алдыңғы қатарға әлеуметтік-психологиялық мәселелер кешенін ұсынды: қарым-қатынас, коммуникация, әлеуметтік нормалар, әлеуметтік рөлдер, топтағы тұлғаның мәртебесі, референтті топтар және т.б. Дж.Мид және оның ізбасарлары өңдеген түсіндірме аппарат әлеуметтік психологиялық ғылымда кең тарады. Бұл бағыттың негізгі жетістігі *индивид психикасының әлеуметтік себебін мойындау* болып табылады. Психология индивид психологиясы ретінде түсіндірілуін тоқтатты, жалпы психология әлеуметтік психологиямен интеграцияланды.
- Соңғы жылдары шетелде “тұрмыстық” психологияның эмпирикалық интерактивті зерттеулері кең таралды. Ресейлік авторлардың аналогиялық жұмыстары да пайда болды.
- XX ғ. 20-жылдары әлеуметтік психологияның дамуының алғашқы кезеңі болып табылады.
- Дегенмен, рефлексология мен реактология үстемдік етіп тұрғанда әлеуметтік психологияның мәселелерін түсіндіруде биологизаторлық бағытқа бет бұрылды. Бұл бағыттың сыны әлеуметтік психологияның сынына айналды. 20-жылдардың соңында әлеуметтік психология марксистік идеологияның бәсекелесі ретінде мәнін жоғалтты.
- Кеңес дәуірінде әлеуметтік психологияның қарқынды дамуы 50-жылдардың соңы мен 60-жылдардың басында басталды.
- Әр түрлі экспериментті, теориялық және қолданбалы әлеуметтік-психологиялық зерттеулер жүргізіле бастады. Дегенмен, отандық әлеуметтік психологияның жетістігі категорияның қатарлы жүйесіне шоғырланбаған болатын. Зерттеушілер түсіндірмелі эмпирикалық деңгейде қалды.